

Агент пен сақтандырушының арасында жасалатын сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы шарттың үлгі нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 тамыздағы N 863 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 802 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.09.2015 № 802 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2 /171 бұйрығын қараңыз.

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Агент пен сақтандырушының арасында жасалатын сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы шарттың үлгі нысаны бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 7

т а м ы з д а ғ ы

N

8 6 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Шарттың үлгі нысаны жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.10.24. N 1019 қаулысымен.

Агент пен сақтандырушының арасында жасалатын сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы шарттың үлгі нысаны

200_ жылғы " _ " _____

N _____ қаласы

Бұдан әрі "Агент" деп аталатын _____ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін басқарма төрағасы _____ бір тараптан және бұдан әрі "Сақтандырушы" деп аталатын _____ атынан Жарғы, 20__ жылғы «__» _____ «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген

_____ (сақтандыру ұйымы толтырады) лицензия негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, бұдан әрі "Тараптар" деп аталатындар мына төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042 Қаулысымен.

1. Шарттың мәні

1. Сақтанушылар заңнаманың талаптарын және осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда оған қолайсыз табиғат құбылысының салдарынан туындаған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шеңберіндегі сақтандыру жағдайлары бойынша сақтанушыларға белгіленген тәртіппен төленген соманың бір бөлігін Сақтандырушыға өтеу.

2. Өзара есеп айырысу тәртібі мен талаптары

2. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалатын бюджет қаражатын бөлу жолымен, қолайсыз табиғат құбылыстарының салдарынан туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандырушыларға сақтандыру төлемінің елу пайызын өтеу үшін және агенттің қызметіне ақы төлеу үшін жүзеге асырылады.

3. Агент Сақтандырушыға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінген қаражат есебінен мына төмендегі барлық жағдайлар басталғанда сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін өтеуді жүргізеді:

сақтандыру жағдайы басталған және өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы шартқа сәйкес Сақтандырушы Сақтанушы алдындағы сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелерді толық орындаған жағдайда;

осы шарттың 4-тармағында көзделген, сақтандыру жағдайының басталуын және Сақтандырушының сақтанушыға нақты жүргізілген сақтандыру төлемдерін растайтын құжаттарды Сақтандырушы міндетті түрде ұсынған кезде.

3-1. Агент сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін өтеуді сақтандыру жағдайы басталған сәтте қолданыста болған шарттың негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. Үлгі нысан 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің

2009.10.30 N 1728 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін Агенттің өтеуі Сақтандырушыдан мынадай құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш алынған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі:

1) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) жүргізілген сақтандыру төлемін растайтын құжаттар (төлем тапсырмасы - түпнұсқа, сақтандырушының мөрімен куәландырылған шығыс ордерінің телнұсқасы);

3) сақтандыру төлемін сот шешімі бойынша жүзеге асырған жағдайда күшіне енген сот шешімінің көшірмесі қоса беріледі;

4) егіс ішінара жойылған жағдайда сақтандырушы куәландырған бағалау кірісін бағалау туралы құжаттың көшірмесі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042 Қаулысымен.

4-1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға осы шарттың 4-тармағында көзделген құжаттардың сәйкессіздігі анықталған жағдайда көрсетілген құжаттар сақтандырушыға ескертулерді жою үшін қайтарылады. Бұл ретте Сақтандырушыға жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу мерзімі Агент құжаттарды қайта алған сәттен бастап есептеледі, бірақ жеті жұмыс күнінен аспауы тиіс.

4-2. Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындаудың дұрыстығына жауапты болады.

3. Агенттің құқықтары мен міндеттері

5. А г е н т т і ң :

1) Сақтандырушы Агентке көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған және (немесе) берген жағдайда Сақтандырушыға жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеуден бас тартуға;

2) Сақтандырушыдан өз құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде сақтандыру кұпиясы бар мәліметтерді сұратуға құқығы бар.

6. А г е н т :

1) Сақтандырушылар мен сақтанушыларға өсімдік шаруашылығы өнімдерінің белгілі бір түрін өндіруге арналған шығындардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормативтері туралы ақпаратты жеткізуге;

2) қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған өсімдік шаруашылығы өнімі өндірілетін алқаптардың көлемін анықтау жөніндегі жұмысты қолайсыз табиғи құбылысы басталған жағдайда комиссия құрамында жүргізуге міндетті.

7. Агенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында өзіне жүктелген өзге де міндеттері бар.

4. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

8. Сақтандырушы осы шарттың талаптарында Агенттен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінген қаражаттан сақтандыру төлемінің бір бөлігінің өтемін алуға құқылы.

9. Сақтандырушы :

1) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жүргізу жөніндегі статистиканы жүргізу мен жинауға және оны Агентке оның талабы бойынша беруге ;

2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

3) өзі тартқан бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) қызметіне ақы төлеуге;

4) жүргізілген сақтандыру төлемі мен оның мөлшеріне қатысты барлық сот шешімдері және (немесе) айқындаулар туралы олар шығарылған күннен бастап үш күн мерзімде Агентті хабардар етуге;

5) қолайсыз табиғат құбылыстары басталған кезде қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған алқаптарды анықтау жөніндегі зерттеулерді жүргізу үшін Сақтандырушының өтініші бойынша жергілікті атқарушы орган құрған комиссия құрамына өзінің өкілін жіберуге міндетті.

10. Сақтандырушы Агентке өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша және мерзімдерде электронды және қағаз тасымалдау ақпарат береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.10.30 N 1728 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

11. Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

5. Өзге де шарттар

12. Осы шарт бойынша барлық даулар заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

13. Осы шарт тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада жасалды.

14. Шарт тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және оны жасаған күннен бастап он екі ай бойы қолданыста болады.

6. Тараптардың деректемелері

Сақтандырушы:

Агент:

200__жылғы "__"_____ N__
агент пен сақтандырушының
арасында жасалатын
сақтандыру төлемдерін
ішінара өтеу тәртібі мен

талаптары туралы

ақпарат

**Облыстар, аудандар, сақтанушылар бөлінісінде күшіне
енген өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру/
шарттары туралы ақпарат (_____ жылғы жағдайы бойынша)**

**Ескерту. Қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042
Қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК